



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

9. Перминова Л.М., Селиверстова Е.Н. Дидактика на рубеже эпох (XX-XXI вв.): Курс лекций для системы высшего и постдипломного педагогического образования. – Владимир: ВГГУ, 2010. – 428 с.

10. Современный словарь иностранных слов. Ок. 20 000 слов. – М.: Изд-во «Русский язык», 1993. – 740 с.

11. Impact of ICTs on Learning & Achievement // World Bank Group / Электрон. дан. Режим доступа URL: <http://www.infodev.org/articles/impact-icts-learning-achievement> (дата обращения: 09.01.2019).

## «РАБҒҰЗИ ҚИССАЛАРЫ» ЖӘНЕ Ы. АЛТЫНСАРИН

Оспанов Серікбай  
Ө.Сұлтанғазин атындағы  
Қостанай мемлекеттік педагогикалық  
университетінің профессоры

Жаратылысынан зерек, алғыр, талапты да, талантты Ыбырай мектепті үздік бітірді. Оқу –білімге құштар ол жансерігім кітап деп білді. Кейін оған мектепте сабақ беріп, қазақтың өз ана тілінде тұңғыш хрестоматиясын жазу бұйырды. Сондықтан да оның әрі ағартушы- педагог, тәрбиеші, аудармашы, әдебиетші, сыншы, жазушы, математик, географ, биолог, ақын, тарихшы, қазақ, орыс тілдерінің маманы болуына, мектептің есеп-қисабын, қатынас қағаздарын, әртүрлі шаруашылық жұмыстарын жүргізуіне, тіпті кейде молданың қызметін атқарып, ислам дінінен сабақ беруіне де тура келді. Бұл жауапты міндеттер оны үнемі ізденіске жетелеп, ол білімін өз бетінше жетілдіре түсті. Оқушыларға сабақ бере жүріп, өзі өмірден сабақ алды.

Ыбырай 1884 жылы жарық көрген «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында мұсылмандарға құрбан шалу міндет екенін, бұл бізге Ибраһим пайғамбар уақытынан келе жатқанын түсіндіріп: «Қисса-ул-әнбия» кітабында айтылынады», - деп құрбан шалу жайындағы бір хикаятты баян етеді

Бұл шығарманың шын аты «Қисас –и Рабғузи» («Рабғузи қиссалары») кейінгі жырлаушылар оны «Қисас-ұл-әнбия» деп атап кеткен. Әнбия – араб тілінде пайғамбар.Әулие де (әнбия) араб тілі. Яғни, «Қисас-ұл-әнбия» - пайғамбарлар туралы қиссалар. Негізгі мазмұны Құран Кәрім мен Інжілден алынған бұл кітапты құрастырған, жазған Рабғузи, Разғузи – бүркеншек аты, шын аты Насыретденұлы Бұрдаһдин. Еңбек 1013 жылы (710 құжыра) жазылған.

Қазан қаласында Каримовтар баспаханасынан татар тілінде шыққан бұл кітап 2001 жылы «Қисса-сұл-әнбийя-й. Адам – Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін» деген атпен Алматының «Санат»[1], 2006 жылы «Арда» баспасынан жарық көрді.(көлемі 248 б.) [2].

1914 жылы Қазан қаласында Каримовтар баспаханасынан жарық көрген «Қисса-сұл әнбияның» көлемі – 479 бет. Кітапқа 79 қисса-хикая, ертегі, аңыз, әңгіме, өлең, оқиғалар кірген.

Ғалым Бейсенбай Кенжебаев «Қисас-сұл-әнбия» ерте замандардағы түрік текті халықтардың, ру-тайпалардың қисса-хикаяларының, аңыз-ертегілерінің, өлең-жырларының жинағы, көркем шығарма екенін айтып, оларды тақырып-мазмұнына, идея – мәніне қарай үш топқа бөледі: « Оның біріншісі – жер,-дейді автор,- көк, адамзат, хайуанат, жын-шайтан, періште, адам ата, от, топырақ жайлы түсінік, мақала, әңгімелер. Екіншісі – әулие-әнбиялар, солардың өмір деректері, іс-әрекеттері туралы хиссалар, ертегілер, аңыздар. Үшіншісі – шежіре, мұсылман жыл есебінің, һыжыраның алғашқы он жылы ішінде болған тарихи оқиғалар, күнтізбе – жыл, ай, күн, жұлдыз аттары, назым өлеңдер [3,148-150 б б.].

Осы әдеби жәдігерліктегі ертегілер мен әңгімелер, аңыздар желісін пайдаланып қазақ ақындары талай дастандар жазған. Оған Әл-Фарабидің шәкірттерінің бірі Сүлеймен Бақырғанидың (1103-1186) «Исрайыл Қиссасы», [4,10 б.], Шәді Жәңгірұлының (1855-1924) «Ибраһим пайғамбардың хикаяты [5], Әбіләкім Игібайұлының «Көк қошқар»[6], Жүсіпбек Шайхысламұлының (1857-1937) «Қисса Қасым Жомарт»[7,181б.], Ерiмбет Көлдейбайұлының «Атымтай Жомарт»[7,9 б.], Қашафутдин Шаймарданұлының (1864-1920) «Хисса Хатымтай Жомарт»[7,9 б.], Абай Құнанбаевтың (1845-1904) «Ескендір» поэмалары куә.

Ыбырайдың да «Қазақ хрестоматиясы» кітабындағы «Лұқман әкім», «Жомарт» (Атымтай Жомарт) әңгімелері мен «Өсиет өлеңдеріндегі» Дәуіт пайғамбар, Тақ Сүлеймен, Ескендір патша, Қыдыр –Ілияс, Зылиқа, Жүсіп жайындағы әңгіме, өлеңдер Құран хикаялары мен осы «Рабғузи қиссаларынан» алынғанына көзіміз енді жете түскендей. Егер Ыбырай «Мұсылманшылық тұтқасында» «Қиссас-ул-әнбия» кітабы жайында айтпаса, бұл бізге әлі де жұмбақ болып қалар еді.

Ұлы ұстаз «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабында Құдай Ибраһим пайғамбарға құрбан шал деп аян бергенін, Ибраһимнің 100 түйе құрбан қылғанын, екінші күні Құдай тағы аян беріп, жүз өгіз құрбан қылғанын, үшінші күні тағы да аян бергені айтылады. Үшінші күні Ибраһим «нені құрбан қылайын?» деп сұрайды. Құдай «Бізден бөтен сүйікті не жандығың болса, соны құрбан ет», - дейді. Ибраһим сүйікті баласы Исмағилды ишарат еткенін түсініп, Исмағилдың анасы Ажарға «Бір құрметті досым Исмағилды қонаққа шақырыпты», - деп оны жуындырып, таза киімдерін кигізуді сұрайды. Исмағил жуынып болған соң Ибраһим арқан, пышақ алып тауға беттейді. Мұны көрген ібіліс Исмағилға «Атаң қолына арқан мен пышақты не үшін алды? Сені өлтіруге алып барады», деп азғыра бастайды. Ол ешкімнің атасы баласын жазықсыз өлтірмейтінін айтып, сенбейді. Шайтан бөтен иландыруарлық сөз таппай: «Сені Құдай ризалығы үшін құрбан етуге алып барады», - дейді. Исмағил «Егер Құдай ризалығы үшін болса, бір жаны түгілі, жүз жаны болса да» қиятынын айтады.

Шайтан азғыруға қатын көнер деген оймен Ажарды азғыра бастайды, бірақ ол да Алла жолына баласын қиятын ниетін білдіреді. Одан әрі оқиға былайша өрбиді:

« - Ей, балам, сені түсімде бауыздап жүр екенмін. Исмағил айтты: - Ей, ата, Құдайдың бұйрығы нешік болса, солай қыл. Сен Құдай разылығы үшін ұғылдан кешсең, мен де жанымнан кештім. Досыңа берген уағдаңды орнына келтір, - деді. Ибраһим жылай айтты: - Ей ұғлым, нешік сабыр етейін? Исмағил айтты: (Ин ша алла) Құдай тағала мені сабыр иелерінен еткей: Енді, ата, тұр, кешке қалма, саған үш өсиетім бар: әуелі, қолымды қатты байла, жан ашуымен ұрынсам қаным сізге тимесін; екінші, бауыздарда, жүзімді төмен қарат, бетіме көзің түсіп һәм аталық мейірің түсіп, бауыздарға келгенде қолың тітіремесін; үшінші анама сәлем айт һәм қайда қара шашты жігіт көрсен, мені жазына түсіріп тұға қыл», - деді.

Ибраһим Исмағилды бауыздамақ болып пышағын алқымына апарып тартып қалғанда, пышағы өтпейді. Осылай үш рет қайталайды, үшеуінде де өтпейді. Ашуланып пышағын лақтырып жіберген кезде, Құдай: «Ибраһим түсінді расқа шығардың, сен сөзіңе жеткен соң біз һәм саған сый жібердік», - деп, құрбандыққа қошқар сыйлап, баласына бостандық бергенін айтады[9,47 б.].

2001 жылы Алматының «Санат» баспасынан шыққан «Қисса-сүл-әнбийя-й» кітабында, Сүлеймен Бақырғанидың «Исмайыл қиссасында», Шәді Жәңгірұлының «Ибрагим пайғамбардың хикаяты» мен Әбіләкім Игібайұлының «Көк қошқар» қиссаларында да аздаған өзгертулермен осы оқиға көрініс табады. Бұдан шығатын қорытынды – олар да осы «Рабғузи қиссаларының» сюжетін пайдаланып, Нәзира дәстүрімен өздерінше жырлаған.

Бұл қиссалар қазақ арасына өте кең тараған. Оның тағы бір дәлелі- қазіргі Қостанай облысының Бейімбет Майлин ауданында туып-өскен, руы-қыпшақ ,ауыз әдебиеті



үлгілерін жинаушы Байғұлұлы Құлмұхамбеттің (1863-1918) «Қисса хазірет Жүсіп алейһиссәләм илән Зылиханың мәселесі» дастанын ел арасынан жинап, жазып алуы. Бұл қолжазбаны 1961 жылы Алматыдағы М.Әуезов атындағы әдебиет институтын қолжазбалар қорына ғалым С. Ордалиев тапсырыпты. Қостанайлық Құлмұхамбет Байғұлұлының қолымен жазылған Жүсіп-Зылиха жайындағы қолжазба туралы ғалым Алма Қыраубаева оның 1889 жылы жазылғанын, автордың білімділігін, әдебиетті, жалпы сөз өнерін сүйетін адам екенін, қалың дәптерге араб әрпімен түрлі өлең, әңгіме, шешендік сөздер ауыз әдебиетінің тағы басқа үлгілерін тізіп жазғанын, олардың арасында Нұржан Наушабаев пен Мәулекей Жұмашевтің, Мұхамеджан Сералиннің, Күдері ақынның (Жолдыбайұлы – С.О.), оның он бір жасар баласы Марданның өлеңдері де барын айтады. «Жүсіп қиссасы»- дейді А. Қыраубаева дәптердің 7-106 беттерінде қауырсын қаламмен бірқалыпты, анық, аса сұлу етіп жазылған. Бас жағында «...бұл амма рауиан, уа наклан, шырын мұхтибар «Қисса-ұл- Әнбиядан...» деген сөз бар»[10,60-61бб.].

Нұржан Наушабаев, Күдері Жолдыбайұлы– Ыбырайдың ақын шәкірттері. Еңбегімізде олар жайында да әңгіме қозғалады. Мәулекей Жұмашев жайында әзірге ештеңе білмейміз. Мұхамеджан Сералин қазақ жұртшылығына жақсы таныс. Ол Ыбырай 1884 жылы Қостанайда ашқан мектептің алғашқы түлектерінің бірі. Мардан–Мәрден, Мәрденнің баласы Зияда Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Шилі кеңшарында ұзақ жыл мұғалім болды.

А. Қыраубаева Қ. Байғұлұлының қиссасындағы Рабғұзидің «Қиссас-ұл әнбиясының» Қазан баспаларында кездесе бермейтін, кейбір эпизодтар барын, «Қиссас-ұл әнбиядағы» қазақ арасына кең тараған, қазақ әдебиетінде осы тақырыптағы ертегі, әңгіме, дастандардың тууына әсер еткен тағы бір қисса – «Ескендір Зұлқарнайын» екенін ескертеді[10,60 б].

«Рабғұзи қиссаларын» 1859 жылы Н.И. Ильминский Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан кітап етіп бастырып шығарады. Бұл нұсқаны 1881 жылы Шамсуддин Хусаинов қайта жариялады. Қиссаның Рахметолла Әмірханұлы жырлаған нұсқасы да бар (1859). Солардан соң 1873, 1891, 1899, 1914 жылдары әртүрлі баспалардан жарық көрді.

«Пайғамбарлар өмірі туралы құраннан басқа араб, парсы тілдерінде де діни кітаптар шыққан болатын. Рабғұзидің пайғамбарлар туралы әңгімелерінің негіздері осылардан алынған»[11,51 б.]-, деп С.И. Климович айтқандай, Ыбырай солардың қайсысынан оқыды екен? Әрине, 1859, не 1873 жылдары шыққан нұсқасы шығар? Осы екі кітаптың қайсысы «Қиссас-ұл-әнбия» деп аталады, содан оқыған деп ойлаймыз. Өйткені ұлы ұстаздың өзі «Қисса-ұл-әнбия» кітабында деп жазып отыр ғой.

Ұлы ұстаз сол өзі өмір сүрген заманындағы атақты тұлғалармен хат алысып тұрғаны белгілі. Солардың бірі жоғарыда аты аталған И. Гаспринский. Ыбырай осы – 1884 жылы Қазан қаласында араб әрпімен жарық көрген «Мұсылманшылықтың тұтқасы» кітабын Гаспринскийге өлеңмен тілек (қолтаңба) жазып сыйлаған. 1862 жылдың 27 тамызында Ильминскийге жазған хатында «... кітаптар жібергеніңіз үшін Сізге рақмет айтамын», - дейді.

Соған қарағанда, сол тұстағы оқыған азаматтар бір-біріне шыққан кітаптарын жіберіп тұрғанға ұқсайды.

Қалай дегенде де ұлы ұстаздың «Қиссас-ул-әнбия» кітабын тауып оқуы таңқаларлық жайт.

Мұның бәрі оның қазақ балаларына арналып Орынбор шекара комиссиясы жанынан ашылған 7 жылдық мектеп пен Петербург университетінің профессоры, Шығыс зерттеушісі В.В. Григорьевтің аса бай кітапханасындағы оқыған кітаптарынан алған білімімен шеттеліп қалмай, өз бетімен оқып-дайындалып, білімін жетілдіре түскенінің, ізденімпаздығының айғағы.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Рабғузи. Қисса-сүл-әнбийя-й. Адам-Атадан Мұхамед ғалайһи-уәссәләмға дейін. Қазақ тіліне аударған Роза Мұқанова.-Алматы: «Санат»,2001.-248 б.
2. Рабғузи. Қисса-сүл-әнбийя-й: Адам-Атадан Мұхаммед ғалайһи-уәссәләмға дейін./Татар тілінен аударған Р. Мұқанова.- Алматы: «Арда», 2006.-224 б.
3. Кенжебаев Б. Қисас-сүл-әнбия // Жұлдыз,№ 7.1968.
4. Бақырғани кітабы.- Қазан: Мәтәғә-и Каримия, 1901.-80 б.
5. Шәді төре. Ибраһим пайғамбардың хикаяты.-Алматы: ЖШС: Қазақстан баспа үйі, 1999.- 88 б.
6. Игібайұлы Ә. Көк қошқар // Егемен Қазақстан, 12 қараша, 1999.
7. Шайхысламұлы Ж. Қисса Қасым Жомарт. Қазан қаласы. М. А. Чирков табиғханасы, 1896.- 50 б.
8. Көлдейбайұлы Е. Атымтай-Жомарт. Бабалар сөзі:
9. Жүз томдық .-Астана: «Фолиант», 2004. Т.4: Хикаялық дастандар.-328 б.
- 10.Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат-ул-ислам /Дайындаған А. Сейдімбеков – Алматы: Қазақстан, ТПО Қаламгер, 1991.- 80 б.
- 11.Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы.- Алматы: Мектеп, 1988.- 163 б.
- 12.Климович С.И. Ислам М., 1965.

## КООРДИНАЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕМ ПЕДАГОГОВ ОПОРНЫХ ШКОЛ С ЦЕЛЬЮ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ УЧИТЕЛЕЙ

Онищенко Елена Анатольевна,  
директор филиала ЦПМ в г. Костанай

### *Аннотация*

*Мақалада тірек мектептер негізінде мұғалімдердің зерттеу тәжірибесін дамыту бойынша педагогикалық қауымдастықтың өзара іс-қимылын басқару мәселелері қарастырылады. Зерттеу тәжірибесін қайта құру және мониторинг бойынша ПШО филиалының тәжірибесі келтірілген.*

### *Аннотация*

*В статье рассматриваются вопросы управления взаимодействия педагогического сообщества на базе опорных школ по развитию исследовательской практики учителей. Приведен опыт филиала ЦПМ по мониторингу и преобразованию исследовательской практики учителя.*

### *Abstract*

*The article deals with the management of interaction of the pedagogical community on the basis of reference schools for the development of research practice of teachers. The experience of the branch of the MTC on monitoring and transformation of the research practice of teaching is given.*

**Түйінді сөздер:** *зерттеу дағдылары, білім беру мазмұнын жаңарту, мұғалімдердің зерттеу қызметіне дайындық деңгейі.*

**Ключевые слова:** *исследовательские навыки, обновление содержания образования, уровень готовности учителей к исследовательской деятельности.*

**Keywords:** *research skills, updating the content of education, the level of readiness of teachers for research activities.*

Существенные изменения в системе образования Республики Казахстан предъявляют новые требования к педагогическим кадрам. Сегодня учитель должен быть не столько организатором учебного процесса, сколько исследователем своей практики. В связи с этим в «Профессиональном стандарте «Педагог» представлены пять трудовых функций педагогов, одна из которых исследовательская. Данная функция описывает

## МАЗМУНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

#### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58